

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АКАДЕМИК Е.А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ**

«КЕЛІСІЛДІ»

Қарағанды облысының жастар саясаты мәселелері
Басқармасы «Қарағанды облысының жастар ресурстық орталығы» КММ

А.С.Искакова

«29» 03 2022ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

«Қарағанды қаласының ішкі саясат бөлімі» ММ

Н.Т.Акильжанова

«29» 03 2022ж.

«БЕКІТЕМІН»

Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университетінің
Басқарма Төрағасы - Ректоры

Н.О.Дулатбеков

«29» 03 2022ж.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

7М03102 «Әлеуметтік ғылымдар» дайындық бағыты бойынша

«Саясаттану» ББМ

Деңгейі: Магистратура

Дәрежесі: 7М03102 «Саясаттану» бағдарламасы бойынша әлеуметтік ғылымдар магистрі

Қарағанды қ., 2022

7M03102 «Саясаттану» білім беру бағдарламасы құрастырылған:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-I Заңы;
- 2018 жылғы 31 тамыздағы №604 жоғары оқу орнынан кейінгі Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- Әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үшжақты комиссиямен 2016 жылғы 16 наурыздағы Ұлттық біліктілік шеңбері;
- ҚР «Кредиттік технология бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» БЖҒМ 2018 жылғы 2 қазандағы №152 бұйрығы;
- 2018 жылғы 13 қазандағы №569 жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы

Мазмұны

№	Білім беру бағдарламасының паспорты	Беттер
1	Білім беру бағдарламасының коды және атауы	4
2	Білім беру саласының коды және жіктелуі	4
3	Білім беру бағдарламаларының тобы	4
4	Кредиттер көлемі	4
5	Оқу түрі	4
6	Оқу тілі	4
7	Берілетін академиялық дәреже	4
8	Білім беру бағдарламасының түрі	4
9	БЖХС бойынша деңгей	4
10	ҰБШ бойынша деңгей	4
11	СБШ бойынша деңгей	4
12	Білім беру бағдарламасының ерекшелігі	4
13	Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі	4
14	Аккредиттеу органының атауы және аккредиттеудің қолданылу мерзімі	4
15	Білім беру бағдарламасының мақсаты	4
16	Білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврдың біліктілік сипаттамасы	4
а)	Біліктілік пен лауазымдар тізбесі	4
б)	Кәсіби қызмет саласы мен объектілері	4
в)	Кәсіби қызмет түрлері	5
г)	Кәсіби қызметінің функциялары	5
17	Түлек моделі	19

Білім беру бағдарламаның паспорты

- 1. Білім беру бағдарламаның коды және атауы:** 7M03102 - Саясаттану
- 2. Білім беру саласының коды және жіктелуі, дайындық бағыттары:** 7M03 Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат
- 3. Білім беру бағдарламаларының тобы:** Саясаттану және шиеленістану
- 4. Кредиттер көлемі:** 120 академиялық кредит (2 жыл)
- 5. Оқыту түрі:** күндізгі
- 6. Оқыту тілі:** қазақ, орыс
- 7. Берілетін дәреже:** 7M03102 - «Саясаттану» білім беру бағдарламасы бойынша әлеуметтік ғылымдар магистрі
- 8. Білім беру бағдарламаның түрі:** қолданыстағы
- 9. БСХСЖ бойынша деңгей:** 7 деңгей (магистратура)
- 10. ҰБШ бойынша деңгей:** 7 деңгей (магистратура)
- 11. СБШ бойынша деңгей:** 7 деңгей (магистратура)
- 12. БББ-ның айрықша ерекшеліктері:** жоқ
- Серіктес ЖОО (БББ):** жоқ
- Әріптес ЖОО (ҚДББ):** жоқ

13. Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі: 28.07.2020 ж. № 16 лицензия № KZ83LAA00018495

14. Аккредиттеу органының атауы және БББ аккредиттеудің қолданылу мерзімі: НАОКО, SA №168/2 НАОКО агенттігі 10.06.2019 ж. - 07.06.2024 ж.

15. ББ мақсаты: Билік қатынастары, көшбасшылық және басқару, қоғамдық процестерді реттеу саласында көздер, ресурстар мен ережелер нормалары арқылы кәсіби қызметті жүзеге асыруға қабілетті жоғары білікті саясаттанушы маманды, сондай-ақ жоғары білім беру жүйесі, талдау және зерттеу орталықтары үшін ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау.

16. Түлектің біліктілік сипаттамасы:

а) түлек лауазымдарының тізбесі:

- орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда-мемлекеттік қызметкер;
- саяси партияларда-консультанттар, кеңесшілер, бөлімдер мен аппараттардың басшылары ;
- практикалық саясатта-саяси стратег, имиджмейкер, қоғаммен байланыс жөніндегі маман;
- консультативтік және сараптамалық қызметте;
- саяси ғылымда – зерттеушілер, ғалымдар, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер оқытушылары.

б) түлектің кәсіби қызметінің саласы мен объектілері:

«Саясаттану» білім беру бағдарламасы бойынша түлектердің кәсіби қызмет саласы:

- аудандық, қалалық, облыстық және республикалық деңгейлерге басшылық ету, реттеу және басқару;

- ғылым және білім;
- әлеуметтік, саяси, мәдени, этномәдени және басқа да қоғамдық институттар;
- бұқаралық ақпарат құралдары және коммуникация;
- саясаттың консалтингтік, консультациялық, талдамалық салалары.

«Саясаттану» білім беру бағдарламасы магистрлерінің кәсіби қызметінің объектілері:

- аудандық, қалалық, облыстық және республикалық деңгейдегі мемлекеттік билік және басқару органдары;
- талдау және зерттеу орталықтары, қоғамдық және мамандандырылған қорлар;
- саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар;
- бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ);
- үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ);
- жоғары және орта арнаулы кәсіптік білім беретін оқу орындары.

в) түлектің кәсіби қызмет түрлері:

- ұйымдастырушылық-басқарушылық;
- өндірістік-технологиялық;
- сараптамалық-консультациялық;
- зерттеу;
- аналитикалық;
- білім беру (педагогикалық).

г) түлектің кәсіби қызметінің функциялары:

- саяси шындықты білу, оған тән объективті байланыстарды, негізгі тенденциялар мен қайшылықтарды ашу;
- мемлекеттік билік және басқару органдары, партиялар, қоғамдық-саяси ұйымдар мен қозғалыстар қызметінің стратегиялық мақсаттарын, тұжырымдамаларын және бағдарламаларын әзірлеу;
- саяси институттардың қызметін ұтымды ету, басқарудың және шешімдер қабылдаудың оңтайлы модельдерін әзірлеу;
- елдегі және өңірлердегі, ұлттықтан жоғары және жаһандық деңгейдегі саяси процестердің дамуын болжау;
- халықтың саяси мәдениетін қалыптастыру, азаматтыққа, патриотизмге және шынайылыққа табынушылық негізінде тәрбиелеу, азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерді мемлекеттік билік органдары қызметінің мақсаттары, жоспарлары мен бағдарламалары туралы объективті ақпаратпен қамтамасыз ету.

Құзыреттіліктер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау

Құзыреттілік түрлері	Оқу нәтижесінің коды	Оқу нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша)
1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер: (Softskills)	ОН 1	Ойлау мәдениетін, тілдік құзыреттерін, ақпаратты жалпылау, талдау, қабылдау, мақсат қою және оған қол жеткізу құралдарын таңдау қабілетін меңгерген; таңдаған мамандығы бойынша ынтымақтастыққа, әлеуметтік ұтқырлыққа, өзін-өзі дамытуға және мансаптық өсуге дайындығын көрсетеді.
	ОН 2	Кәсіби қызметінде академиялық адалдық принциптерін қолдана алады және кәсіби саясаттанушының жеке қасиеттерін: интеллектуалдық, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу және сыни тұрғыдан ойлауды тәрбиелеу; қазіргі қоғамның бәсекеге қабілеттілігі, прагматизм, толеранттылық және демократиялық құндылықтарының басымдықтары бойынша белсенді азаматтық ұстанымы бар.
2. Сандық құзыреттер: (Digital skills):	ОН 3	Цифрлық ақпаратты өз бетінше іздеу, жүйелеу және мұрағаттау, оны сыни талдау, бағалау және интерпретациялау, цифрлық ресурстарды пайдалана отырып ақпараттық объектілерді құру; сандық ортада коммуникация мен кәсіби ынтымақтастықты ұйымдастыру, соның ішінде шет тілінде.
	ОН 4	Цифрлық мазмұнды құру және өңдеу, ақпараттың сапасын өзгерту және жақсарту мүмкіндігі бар; әртүрлі интернет-ресурстарды, іздеу жүйелерін және мәліметтер қорын ғылыми және оқу мақсаттарында пайдаланудың тұрақты дағдыларына ие.
3. Кәсіби құзыреттер: (Hardskills)	ОН 5	Категориялық аппаратты, шетелдік терминологияны, әдістемені, жаңа зерттеу тәсілдерін, қазіргі саясаттану мәселелерін, соның ішінде шет тілінде біледі және түсінеді; ғылыми және кәсіптік қызмет нәтижелерін пайдалану дағдыларына ие.
	ОН 6	Мемлекеттік саясат пен басқарудың, аймақтық және әлемдік саясаттың өзекті мәселелерін өз бетінше зерттеп, талдай алады, олардың эволюциясы мен инновациялық әлеуетінің тенденцияларын анықтай алады, цифрлық трансформацияның барған сайын күрделене түсуі жағдайында және әлемдік саясаттағы өркениеттік фактордың шешуші рөлін бағдарлай алады.
	ОН 7	Саясаттану саласындағы теориялық және эмпирикалық зерттеулердің заманауи әдістерін пайдалану негізінде жаһандық, интеграциялық, макроөңірлік, ұлттық-мемлекеттік, жергілікті әлеуметтік-саяси процестерді талдап, модельдеуге және болжауға қабілетті.
	ОН 8	Қазақстан Республикасындағы инновациялық саяси бағдарламаларды іске асыру шеңберінде стратегиялық жоспарлау және басқару саласындағы жобаларды әзірлеуге белсенді қатысуға бағытталған және еліміздегі ұлттық-мемлекеттік саяси жүйенің, саяси институттардың және азаматтық қоғамның моделін дамытуға баса назар аударады.
	ОН 9	Мемлекеттік және жергілікті билік органдарында, саяси партиялар мен қоғамдық-саяси бірлестіктердің аппараттарында, бизнес құрылымдарында, халықаралық ұйымдарда, бұқаралық ақпарат құралдарында басқару процестеріне, ақпараттық қоғамда саяси, сайлау науқандарын ұйымдастыру мен өткізуге қатыса алады.
	ОН 10	Саясаттың, саяси процестердің және халықаралық қатынастардың, жергілікті және жаһандық шиеленістердің әртүрлі салаларындағы күрделі мәселелерді шешуге арналған технологияларды өз бетінше әзірлеуге қабілетті; саяси партиялардың сайлау преференцияларын және сайлау демократиясын дамыту қағидаттарын анықтау және бағалау қабілетті.
	ОН 11	Ғылыми жұмысты, аналитикалық баяндаманы, саяси сараптаманы, кеңес беруді, болжауды, қоғамдық-саяси пәндерді оқытуды, соның ішінде шет тілінде дайындау және жобалау дағдыларын меңгереді.

Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау

Оқыту нәтижесінің коды	Модуль атауы	Пәндер атауы	Көлемі (ECTS)
ОН1 ОН2 ОН5	Әлеуметтік-гуманитарлық білімнің философиялық және тарихи аспектілері	Ғылым тарихы мен философиясы	4
ОН1 ОН3 ОН11		Жоғары мектеп педагогикасы	4
ОН2 ОН4 ОН9		Басқару психологиясы	4
ОН2 ОН4 ОН11		Педагогикалық практика	4
ОН1 ОН3 ОН5	Кәсіби тілдер	Шет тілі (кәсіби)	4
ОН3 ОН4 ОН5		Саяси ғылымдағы кәсіби шетелдік терминология	4
ОН1 ОН5 ОН7		Саяси лингвистика	
ОН5 ОН6 ОН7	Базалық дайындықтың инновациялық аспектілері	Саяси зерттеулер әдіснамасы	5
ОН2 ОН5 ОН8		Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру	
ОН3 ОН5 ОН7		Қазіргі саяси ғылымның өзекті мәселелері (ағылшын тілінде)	6
ОН3 ОН5 ОН6		Батыс саяси ғылымындағы инновациялық зерттеу тәсілдері (ағылшын тілінде)	
ОН2 ОН6 ОН8	Саяси ғылымның өзекті сегменттері	Мемлекеттік саясат	5
ОН6 ОН8 ОН9		Мемлекеттік басқару (ағылшын тілінде)	4
ОН3 ОН6 ОН7		Әлемдік саясаттағы өркениет факторы	4
ОН8 ОН9 ОН10	Қазіргі саясаттың жаһандық және аймақтық мәселелері	Қазақстан Республикасындағы саяси институттар және азаматтық қоғам	4
ОН6 ОН8 ОН9		Қазақстанның саяси жүйесінің эволюциясы	
ОН8 ОН9 ОН10		Қазақстанның қазіргі саясатындағы инновациялар	4
ОН3 ОН4 ОН6		Қазіргі саясаттағы цифрлық трансформация	
ОН8 ОН9 ОН10		Қазіргі әлемдегі саяси партиялардың электоралдық стратегиялары (ағылшын тілінде)	4
ОН5 ОН9 ОН10		Қазіргі Қазақстандағы саяси плюрализм және электоралды демократия (ағылшын тілінде)	
ОН7 ОН10 ОН11		Жаһандық саяси даму мегатрендтері	4

ОН7 ОН10 ОН11		Жаһандық саяси болжам	4
ОН8 ОН9 ОН10		Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-саяси әріптестік	
ОН7 ОН10 ОН11		Саяси сараптама және кеңес беру	
ОН3 ОН6 ОН7		Әлемдік саясаттағы интеграциялық пОНцестер	4
ОН1 ОН6 ОН7		Еуразиялық интеграцияның саяси аспектілері	12
ОН1 ОН3 ОН4		Зерттеу тәжірибесі	
ОН3 ОН6 ОН11	Ғылыми-зерттеу жұмысы	Тағылымдамадан өтуді және магистрлік диссертацияны орындауды қоса алғанда, магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)	24
ОН4 ОН5 ОН11	Қорытынды аттестаттау	Магистрлік диссертацияны ресімдеу және қорғау	12

Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы

NN п/п	Пәндердің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы (30-40 сөз)	Кредит тер саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)										
				ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11
Негізгі пәндер циклі ЖОО компоненті														
D1	Ғылым тарихы мен философиясы	Пәннің мақсаты – оның тарихи дамуындағы және өзгермелі әлеуметтік-мәдени контексттегі ғылыми білімнің жалпы заңдылықтарын зерттеу. Философия және ғылым әдіснамасы мәселелері, ғылыми таным мен ғылыми қауымдастықтардың ерекшеліктері, ғылымның қоғам өміріндегі функциялары, ғылыми қызметтің институционалдық формаларының тарихи дамуы қарастырылады.	4	+	+			+						
D2	Жоғары мектеп педагогикасы	Пәннің мақсаты-ғылыми-педагогикалық әдіснама және оқу жұмысын ұйымдастыру әдістемесі саласында теориялық және практикалық ұсынымдар әзірлеу үшін алынған білімді өзектендіру; алынған теориялық білім мен іскерлікті кәсіби қызметте қолдану.	4	+		+								+
D3	Басқару психологиясы	Пәннің мақсаты -магистранттар арасында басқару іс-әрекетінің психологиялық заңдылықтары туралы жүйелік идеяларды қалыптастыру, менеджер қызметінің құрылымында әлеуметтік-психологиялық білімдерді қолдану ерекшеліктерін ашуда, тиімді басқару негізінде жатқан әлеуметтік-психологиялық принциптерді талдау дағдыларын меңгеру. Пән басқару психологиясының негізгі ұғымдарымен, теориялық ережелерімен және өзекті мәселелерімен, басқару психологиясының практикалық ерекшеліктерімен және басшының жеке ерекшеліктерімен таныстырады.	4		+		+					+		
D5	Шет тілі (кәсіби)	Пәннің мақсаты - қызметтің әртүрлі салаларындағы әлеуметтік-коммуникативтік мәселелерді шешу үшін магистранттардың шет тілін меңгеруінің бастапқы деңгейін арттыру болып табылады. Пәннің міндеттері - шет тілінде пікір айту, іс-әрекетті бағалау және өз шешімін дәлелдеу,	4	+		+		+						

		әлеуметтік маңызды процестер мен мәселелерді талдау дағдыларын меңгеру болып табылады.												
Негізгі пәндер циклі														
Таңдау бойынша компонент														
D6	Саяси ғылымдағы кәсіби шетелдік терминология	Пән шет тілдерін оқытудың заманауи парадигмасын, оның динамикасын және кәсіби шетел терминологиясы бойынша білімдерді меңгеруге және оны кәсіби қызметте қолдану негізінде саясаттанушыларға тілдік оқытудың тәжірибеге бағытталған моделіне және ағылшын саяси терминологиясының қалыптасуындағы семантикалық туындысын, шетелдік терминологияның тезаурусын анықтауға бағытталған.	4			+	+	+						
	Саяси лингвистика	Пән саяси әлемнің тілдік бейнесінің ерекшеліктерін зерттеуге, тілді саяси билік құралы ретінде анықтауға, саяси лингвистикалық дискурсты және оның тірек белгілерін, функцияларын ашуға, сонымен қатар саяси лингвистика мен тіл құрылысын және саясаттағы жоспарлауды зерттеу әдістерін түсіну мен меңгеруге бағытталған.		+				+		+				
D7	Саяси зерттеулер әдіснамасы	Пәннің мақсаты - саяси ғылым әдіснамасының негізгі компоненттері және саяси білім динамикасы туралы білімді қалыптастыру, саяси зерттеудің әдіснамалық негіздерін және саяси білімнің ғылыми критерийлерін анықтау. Сонымен қатар, пәннің шеңберінде салыстырмалы әдіснама, ғылыми құралдары және саяси зерттеулердегі ғылыми стратегиялары зерттеледі.	5					+	+	+				
	Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру	Курс шеңберінде Қазақстан Республикасындағы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландырудың құқықтық мәні, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру тетіктері, зияткерлік меншік ұғымы, құқықтық реттеу және қорғау, ұйымдық-құқықтық нысанды таңдау және стартап құрудың құқықтық шарттары қарастырылады.			+			+			+			
D8	Қазіргі саяси ғылымның өзекті мәселелері (ағылшын тілінде)	Пән қазіргі батыс саясаттану теориялары мен зерттеу мектептерінің дамуы туралы білімді қалыптастырады; қазіргі батыс саяси ғылымының институционализация процесін көрсетеді; қазіргі шетелдік және отандық саяси ғылымның ғылыми жетістіктеріне талдау жасайды және қазіргі	6			+		+		+				

		заманғы саяси процестерді зерттеудің негізгі даму тенденцияларын сипаттайды.												
	Батыс саяси ғылымындағы инновациялық зерттеу тәсілдері (ағылшын тілінде)	Пән саясат пен билік қатынастарын тұжырымдамалаудың саяси-институционалдық негіздерімен анықталатын қазіргі батыс саяси ғылымындағы әдіснамалық және зерттеу тәсілдері туралы жүйелі білімді қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар, пән шеіберінде замануи кезеңдегі салыстырмалы саясаттану мен саяси мәдениетті, халықаралық қатынастар мен саяси қақтығыстар мәселелерін зерттеудің әдіснамасының негізгі мәселелері қарастырылады.				+		+	+					
Бейіндік пәндер циклі ЖОО компоненті														
D9	Мемлекеттік саясат	Құрстың мақсаты-мемлекеттік саясаттың мәні, түрлері, элементтері, мақсаттары мен басымдықтары; экономика, мемлекеттің әлеуметтік, мәдени, экологиялық, жастар саясаты және діни қатынастар саласындағы саясат және мемлекеттік саясатты жоспарлау мен іске асыру құралдары, әдістері, тетіктері туралы жүйелі білімді қалыптастыру.	5		+				+		+			
D10	Мемлекеттік басқару (ағылшын тілінде)	Құрстың мақсаты-мемлекеттік басқарудың табиғаты мен әлеуметтік мәні туралы жүйелі білімді қалыптастыру; саяси билік пен мемлекеттік басқару ұғымдарының арақатынасын анықтау; мемлекеттік басқарудың факторларын, ұйымдастырушылық қағидаттарын, функцияларын мен жүйелерін айқындау; әлеуметтік, экономикалық саладағы мемлекеттік басқару негіздерін және оның тиімділігін арттыру қағидаттарын сипаттау; мемлекеттік басқару жүйесіндегі әлеуметтік әріптестіктің негізгі бағыттарын зерделеу.	4						+		+	+		
D11	Әлемдік саясаттағы өркениет факторы	Құрстың мақсаты-саяси ғылымдағы өркениет парадигмасы; өркениет прогресінің динамикасы мен спиралі; XXI ғасырдың жаһандық әлемі, оның сәулеті, құрылымы, модельдері, мәртебелік иерархиясы; жаһандық саясаттың өркениет матрицасы; өркениет дағдарыстары мен қақтығыстары мен жаһандық әлемнің өркениет полюстері; әлемдік саясаттағы өркениеттердің бәсекелестік, диалог және әріптестік мәселелері және өркениет парадигмасы тұрғысынан	4			+			+	+				

		болашақтың сценарийлері туралы жүйелі білімді қалыптастыру.												
Негізгі пәндер циклі Таңдау бойынша компонент														
D12	Қазақстан Республикасындағы саяси институттар және азаматтық қоғам	Пән Қазақстан Республикасындағы мемлекет институттарының азаматтық қоғам институттарымен байланыстыратын тетік ретінде әрекет ететін саяси институттардың түсінігін, құрылымын, функциялары мен түрлерін, саяси партиялар мен басқа да қоғамдық-саяси ұйымдардың демократияның қалыптасу процесіндегі рөлін анықтауға бағытталған.	4									+	+	+
	Қазақстанның саяси жүйесінің эволюциясы	Курстың мақсаты-Қазақстанның саяси жүйесінің алғышарттары, кезеңделуі және трансформация кезеңдері туралы білімді қалыптастыру; мемлекеттік биліктің эволюция үдерісін сипаттау, ҚР-дағы президенттік, парламентаризм және партиялық жүйе институтының даму ерекшеліктерін анықтау; әлемнің жаңа геосаяси моделіндегі этносаралық және конфессияаралық келісім мен ұлттық-мемлекеттік мүдделердің қазақстандық моделін сипаттау.							+		+	+		
D13	Қазақстанның қазіргі саясатындағы инновациялар	Пән қазіргі саясаттағы инновациялар туралы ұғымды қалыптастыруға, олардың бағыттары мен ҚР әлеуметтік-саяси және экономикалық дамуы саласындағы инновациялық мемлекеттік саясатты дамыту перспективаларына, инновациялық стратегиялар мен мемлекеттік саясаттың басымдықтары негізінде Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы оның рөлін анықтауға бағытталған.	4									+	+	+
	Қазіргі саясаттағы цифрлық трансформация	Курстың мақсаты - цифрлық трансформацияның рөлі туралы білімді қалыптастыру және қазіргі саяси шындықты цифрландыру өлшеудің мәнін анықтау; саяси қатынастарды цифрландыру процесінің таралу себептерін түсіндіру және олардың қазіргі мемлекеттердің саяси саласында дамуы; ақпараттық технологиялардың әлемдегі саяси процестерге әсерінің сипаттамасын жасау.				+	+		+					
D14	Қазіргі әлемдегі саяси партиялардың электоралдық стратегиялары (ағылшын тілінде)	Пән партиялық және сайлау жүйелерінің қалыптасуы мен дамуы, сайлау құқығының эволюциясы, саяси партиялардың сайлауға қатысуы мен олардың электораттық қалауларын саяси-құқықтық регламенттеу туралы білімді	4									+	+	+

		қалыптастырады; саяси партиялардың шетелдік және отандық электоралдық тәжірибесін талдайды; қазіргі әлемдегі сайлау науқандарының ерекшелігін айқындайды.												
	Қазіргі Қазақстандағы саяси плюрализм және электоралды демократия (ағылшын тілінде)	Пән Тәуелсіз Қазақстандағы саяси плюрализм мен көппартиялықтың қалыптасуы мен даму проблемаларын демократияның дамуының міндетті шарты ретінде сипаттауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы сайлау жүйесі мен сайлау процестерін талдауға және сайлау институтының қазақстандық қоғамды демократияландыруға ықпалын көрсетуге бағытталған.						+				+	+	
D15	Жаһандық саяси дамудағы мегатрендтер	Курстың мақсаты-XXI ғасырдағы әлемдік тәртіп эволюциясының траекториясы, жаһандану және оқшаулану процестері туралы жүйелі білімді қалыптастыру; интеграциялық процестер мен олардың модельдерінің сипаттамасын жасау; жаһандық әлемнің өңірлік державалары мен полюстерін айқындау; технологиялық серпілістердің мәнін және олардың әлемнің саяси дамуындағы рөлін сипаттау; экономикалық жаһанданудың және әлемдік көшбасшылық үшін бәсекелестіктің мәнін талдау.	4						+				+	+
	Жаһандық саяси болжам	Пән саяси болжамның генезисі мен эволюциясы, саяси болжау әдістері туралы білімді қалыптастырады; халықаралық қатынастарды дамытудың сценарий техникасын, оның эволюциясының векторлары мен рөлін сипаттайды; жаһандануды қазіргі әлем эволюциясының мегатренды ретінде анықтайды; киберкеңістіктегі жаңа әлемдік тәртіптің, болашақтың жаһандық даму сценарийлерін сипаттайды; ақпараттық революцияның себептерін тұжырымдайды, тұрақты даму парадигмаларын түсіндіреді.							+				+	+
D16	Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-саяси әріптестік	Курстың мақсаты-әлеуметтік-саяси әріптестіктің мәні мен функциялары, даму тарихы мен оның қазіргі заманғы нысандары, еңбек қатынастары және жалдамалы қызметкерлердің құқықтарын қорғаудағы кәсіподақтардың рөлі туралы білімді қалыптастыру; медиация, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік, ҚР-дағы әлеуметтік-саяси әріптестіктің заңнамалық базасы мәселелерін зерделеу.	4							+		+	+	
	Саяси сараптама және	Курстың мақсаты – саяси консалтингтің модельдері							+				+	+

	кеңес беру	мен технологиялары туралы; басқарушылық консультация беру туралы; саясаткердің имиджін қалыптастыру туралы; мақсатты PR нақандарды жоспарлау және өткізу туралы; медиа жоспарлау туралы; саяси сараптама, оның мәні, құрылымы, мақсаттары мен міндеттері туралы; сарапшының мамандануы, рөлі мен құзыреттері туралы; сараптамалық жұмыстың әдіснамасы туралы; жеке және ұжымдық саяси сараптама жүйелі білімді қалыптастыру.												
D17	Әлемдік саясаттағы интеграциялық процестер	Курстың мақсаты-саяси интеграция ұғымы мен мәнін ашу, әлемдік саясаттағы интеграциялық процестердің орны мен рөлін көрсету, қазіргі заманның әлемдік саяси процесіндегі интеграциялық бірлестіктерді, саясаттағы интеграциялық процестердің геосаяси компоненттерін қарастыру, еуропалық және еуразиялық интеграцияға салыстырмалы институционалдық-саяси талдау беру.	4			+				+	+			
	Еуразиялық интеграцияның саяси аспектілері	Пән Еуразиялық интеграция тұжырымдамасын, еуразиялық интеграцияның саяси құрамдас бөлігінің мәні мен қағидаттарын зерделеуге; еуразиялық өңірдің интеграциялық процестерін талдауға; еуразиялық интеграцияның қалыптасуының саяси-экономикалық аспектілерін қарауға; еуразиялық интеграция процестерінің және ЕАЭО жұмыс істеуінің саяси ерекшеліктерін сипаттауға; Еуразиялық кеңістіктегі саяси интеграцияның даму перспективаларын сипаттауға бағытталған.			+					+	+			

Оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу (ЖОН)

ЖОН	Модуль бойынша жоспарланған оқыту нәтижелері (ЖОН)	Оқыту әдістері	Бағалау әдістері
ОН1	Ойлау мәдениетін, тілдік құзыреттерін, ақпаратты жалпылау, талдау, қабылдау, мақсат қою және оған қол жеткізу құралдарын таңдау қабілетін меңгерген; таңдаған мамандығы бойынша ынтымақтастыққа, әлеуметтік ұтқырлыққа, өзін-өзі дамытуға және мансаптық өсуге дайындығын көрсетеді.	интерактивті дәріс	тест
ОН2	Кәсіби қызметінде академиялық адалдық принциптерін қолдана алады және кәсіби саясаттанушының жеке қасиеттерін: интеллектуалдық, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу және сыни тұрғыдан ойлауды тәрбиелеу; қазіргі қоғамның бәсекеге қабілеттілігі, прагматизм, толеранттылық және демократиялық құндылықтарының басымдықтары бойынша белсенді азаматтық ұстанымы бар.	диалог	ауызша баяндау
ОН3	Цифрлық ақпаратты өз бетінше іздеу, жүйелеу және мұрағаттау, оны сыни талдау, бағалау және интерпретациялау, цифрлық ресурстарды пайдалана отырып ақпараттық объектілерді құру; сандық ортада коммуникация мен кәсіби ынтымақтастықты ұйымдастыру, соның ішінде шет тілінде.	ойын жобалау	презентация
ОН4	Цифрлық мазмұнды құру және өңдеу, ақпараттың сапасын өзгерту және жақсарту мүмкіндігі бар; әртүрлі интернет-ресурстарды, іздеу жүйелерін және мәліметтер қорын ғылыми және оқу мақсаттарында пайдаланудың тұрақты дағдыларына ие.	жобалық оқыту	презентация
ОН5	Категориялық аппаратты, шетелдік терминологияны, әдістемені, жаңа зерттеу тәсілдерін, қазіргі саясаттану мәселелерін, соның ішінде шет тілінде біледі және түсінеді; ғылыми және кәсіптік қызмет нәтижелерін пайдалану дағдыларына ие.	топтық талқылау	ауызша баяндау
ОН 6	Мемлекеттік саясат пен басқарудың, аймақтық және әлемдік саясаттың өзекті мәселелерін өз бетінше зерттеп, талдай алады, олардың эволюциясы мен инновациялық әлеуетінің тенденцияларын анықтай алады, цифрлық трансформацияның барған сайын күрделене түсуі жағдайында және әлемдік саясаттағы өркениеттік фактордың шешуші рөлін бағдарлай алады.	миға шабу	коллоквиум
ОН 7	Саясаттану саласындағы теориялық және эмпирикалық зерттеулердің заманауи әдістерін пайдалану негізінде жаһандық, интеграциялық, макроөңірлік, ұлттық-мемлекеттік, жергілікті әлеуметтік-саяси процестерді талдап, модельдеуге және болжауға қабілетті.	кейс-стади	талдамалық есеп
ОН 8	Қазақстан Республикасындағы инновациялық саяси бағдарламаларды іске асыру шеңберінде стратегиялық жоспарлау және басқару саласындағы жобаларды әзірлеуге белсенді қатысуға бағытталған және еліміздегі ұлттық-мемлекеттік саяси жүйенің, саяси институттардың және азаматтық қоғамның моделін дамытуға баса назар аударады.	жағдаяттық талдау	эссе
ОН 9	Мемлекеттік және жергілікті билік органдарында, саяси партиялар мен қоғамдық-саяси бірлестіктердің аппараттарында, бизнес құрылымдарында,	жобалық оқыту	презентация

	халықаралық ұйымдарда, бұқаралық ақпарат құралдарында басқару процестеріне, ақпараттық қоғамда саяси, сайлау науқандарын ұйымдастыру мен өткізуге қатыса алады.		
ОН 10	Саясаттың, саяси процестердің және халықаралық қатынастардың, жергілікті және жаһандық шиеленістердің әртүрлі салаларындағы күрделі мәселелерді шешуге арналған технологияларды өз бетінше әзірлеуге қабілетті; саяси партиялардың сайлау преференцияларын және сайлау демократиясын дамыту қағидаттарын анықтау және бағалау қабілетті.	іскерлік ойын	міндеттерді шешу
ОН 11	Ғылыми жұмысты, аналитикалық баяндаманы, саяси сараптаманы, кеңес беруді, болжауды, қоғамдық-саяси пәндерді оқытуды, соның ішінде шет тілінде дайындау және жобалау дағдыларын меңгереді.	проблемалық дәріс	қорытынды мен ұсыныстар жазу

17. Түлек моделі

Түлектің атрибуттары:

- Саяси үдерісті ғылыми қамтамасыз ету саласындағы жоғары кәсібилік
- Зияткерлік және эрудиция
- Жаһандық және өңірлік сын-тегеуріндерге бейімделу
- Өзін-өзі жетілдіру
- Сыни ойлау
- Азаматтық және патриотизм
- Академиялық адалдық қағидалары мен мәдениетінің маңызын түсіну

Құзыреттілік түрлері	Құзыреттіліктер сипаттамасы
<p>1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills)</p>	<p>- ойлау мәдениетін, ақпаратты жинақтау, талдау, қабылдау, мақсат қою және оған қол жеткізу құралдарын таңдау қабілетін меңгерген;</p> <p>- ауызша және жазбаша сөйлеуді логикалық дұрыс, дәлелді және нақты құра алады;</p> <p>- қоғамда қабылданған моральдық және құқықтық нормалар негізінде әлеуметтік өзара іс-қимыл жасауға, басқа мәдениетке төзімділікке; ынтымақтастыққа және жанжалдарды шешуге дайындыққа; әлеуметтік ұтқырлыққа қабілеттілікке ие;</p> <p>- әлеуметтік жауапкершілік сезімі бар, көп ұлтты және көп мәдениетті ұжымда жұмыс істеуге дайын, тарихи мұра мен мәдени дәстүрлерге құрметпен және ұқыпты қарайды, әлеуметтік және мәдени айырмашылықтарды толерантты қабылдайды;</p> <p>- академиялық адалдық қағидалары мен мәдениетіне құрметпен қарайды және осы қағидаларды кәсіби қызметте қолдана біледі;</p> <p>- ұжымда (оның ішінде халықаралық көпмәдени ортада) жұмыс істеу қабілетіне, әріптестермен кооперацияға дайындығына; көпұлтты, көпмәдениетті және кәсіби қоғамдастықта әріптестік қатынастарды қалыптастыруға; әлеуметтік, этникалық, конфессиялық және мәдени айырмашылықтарды толерантты қабылдауға ие;</p> <p>- көп мәдениетті және кәсіби қоғамдастықта тұлғааралық қарым-қатынас этикасына сәйкес эмоционалды-еріктік өзін-өзі реттеуді меңгерген;</p> <p>- кәсіпқой-саясаттанушының тұлғалық қасиеттерін: зияткерлікті және эрудицияны, өзін-өзі жетілдіруге және сыни ойлауға ұмтылуды, азаматтықты және патриотизмді, жаһандық және өңірлік сын-тегеуріндерге бейімділікті дәріптейді;</p> <p>- өзінің кәсіби қызметінде бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, өзара түсіністік, толеранттылық, қазіргі заманғы қоғамның демократиялық құндылықтары басымдықтарында белсенді азаматтық ұстанымды көрсетеді; өзінің кәсіби қызметінде ғылыми дүниетаным мен азаматтық ұстанымды іске асырады;</p>
<p>2. Сандық құзыреттіліктер (Digital skills)</p>	<p>- цифрлық ақпаратты өз бетінше іздеуді, жүйелеуді және мұрағаттауды, оны сыни талдауды, бағалауды және ұсынуды жүзеге асыруға, цифрлық ресурстарды (мәтіндік, бейнелеу, аудио және бейне) пайдалана отырып, ақпараттық объектілер құруға қабілетті;</p> <p>- әртүрлі кәсіби міндеттерді шешу үшін, оның ішінде компьютерлік желілерді, бұлтты сервистерді және т. б. пайдалану үшін техникалық және бағдарламалық құралдарды тиімді және қауіпсіз пайдалана алады; цифрлық қондырғылармен жұмыс істеу кезінде туындайтын техникалық ПОНблемаларды анықтай алады және оларды шеше алады;</p> <p>- цифрлық ортада қарым-қатынас және ынтымақтастық дағдыларын қолданады, коммуникациялық стратегияларды нақты аудиторияға бейімдей алады, сандық ортада мәдени, кәсіби, ұрпақтық және т. б. әртүрлілікті есепке ала алады;</p> <p>- әр түрлі форматтағы сандық мазмұнды құру және өңдеу, ақпарат пен контенттің сапасын өзгерту және жақсарту қабілетіне ие;</p> <p>- цифрлық ортада коммуникация мен кәсіби ынтымақтастықты ұйымдастыра алады, өзінің кәсіби біліктілігі мен цифрлық дағдыларын талдай алады, дамыта және жетілдіре алады;</p> <p>- ақпаратты қауіпсіз және сауатты басқаруға, түсінуге, біріктіруге, алмасуға, бағалауға, құруға және оған қол жеткізуге қабілетті қоғамдық, саяси және кәсіби салаларға қатысу үшін сандық құрылғылар мен желілік технологияларды пайдаланады;</p>

3. Кәсіби құзыреттіліктер (Hardskills)	<ul style="list-style-type: none"> - ұлттық, өңірлік, жаһандық және халықаралық контексттегі саяси құбылыстарды, процестерді дербес ойлау және жүйелі талдау қабілетіне ие; - өзінің кәсіби құзыреттілігін дамытады және жетілдіреді; тұрақты өзін-өзі дамытуға, таңдаған салада өзінің біліктілігі мен шеберлігін арттыруға бағытталған; кәсіби қызметте жоғары уәждемесі мен жауапкершілігі бар; - инновациялық идеяларды қалыптастыра алады, саяси басқару және шешім қабылдау процесі мәселелері бойынша дербес гипотезалар ұсына алады; - ақпаратты сыни талдау, жалпылау және жүйелеу, кәсіби қызметтің мақсаттарын қою және оларға қол жеткізудің оңтайлы жолдары мен әдістерін таңдаудың тұрақты дағдыларын іс жүзінде жүзеге асырады; - өз қызметін ұтымды ұйымдастыру және жоспарлау қабілетіне ие, алған білімін өзінің кәсіби стратегиясын қалыптастыру үшін қолдана алады; саяси ғылымдар саласындағы білімді ғылыми-ақпараттық, педагогикалық, ақпараттық-анықтамалық, ұйымдастыру-басқару және жобалау қызметінде қолдана алады; - экономикалық, әлеуметтік және мәдени мәнмәтінмен, саяси жүйенің жалпы дамуының объективті үрдістерімен және заңдылықтарымен байланысын анықтай отырып, жекелеген саяси оқиғалар мен үдерістерге сипаттама және баға бере алады; - талдау, сараптама, консалтинг, менеджмент деңгейінде нақты саяси тәжірибеде теориялық білімді жүзеге асырады, кәсіби қызметтің ұйымдастырушылық-басқарушылық түріне даярлығы бар; - саяси қайраткерлер, партиялар, мемлекеттік билік органдары, бұқаралық ақпарат құралдары және экономикалық субъектілер үшін қоғамдық-саяси қызмет саласындағы стратегияларды, бағдарламалар мен жоспарларды әзірлеу кезінде сараптамалық, консалтингтік қызметті ұйымдастыру үшін мандандырылған теориялық тәсілдерді пайдаланады; консультациялық қызметтер көрсетеді және оларды талдамалық сүйемелдеуді жүзеге асырады; - кешенді саяси және әлеуметтік-психологиялық талдау мен сараптама нәтижелері негізінде әкімшілік-саяси және жария-саяси салаларда жұмыс істейтін адамдар мен құрылымдарға саяси және саяси-психологиялық кеңес беруді ұйымдастыра және жүзеге асыра алады;
--	--

Құрастырғандар:

Жұмыс тобының мүшелері:

Саясаттану және әлеуметтану кафедрасы меңгерушісінің м.а.

Саясаттану және әлеуметтану кафедрасының қауымдастырылған профессоры

Саясаттану және әлеуметтану кафедрасының профессордың ассистенті

Саясаттану және әлеуметтану кафедрасының аға оқытушысы

«Саясаттану» білім беру бағдарламасы бойынша 1-курс магистранты

E. DP

А.А.А
А.А.А
А.А.А
А.А.А

Е.Т.Жумагулов

С.Б.Алимова

Г.А.Жумасултанова

О.Р.Булумбаев

М.С.Абулова

Білім беру бағдарламасы факультет Кеңесі отырысында қарастырылды «29» 03 2022 ж. Хаттама № 5

Білім беру бағдарламасы университеттің Академиялық Кеңесі отырысында қарастырылды «28» 04 2022 ж. Хаттама № 5

Білім беру бағдарламасы университеттің Басқарма отырысында қарастырылды және бекітілді «26» 05 2022 ж. Хаттама № 22

Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер бойынша проректор

А.А.А

Т.З.Жүсіпбек

Академиялық жұмыс департаментінің директоры

А.А.А

Г.С.Ақыбаева

Философия және психология факультетінің деканының м.а.

А.А.А

А.А.Бейсенова